

**Саралжын** - Қаратөбедегі көлдің және елді – мекеннің аты. Саралжын жусан шығатын көлге байланысты аталған. Саралжын жері оңтүстігінде Атырау облысымен, батысында бұрынғы Тайпақ ауданымен шектесіп жатыр. Саралжын атауы кезінде осы өңірдегі ауылдық кеңеске беріледі, бүгінде ауылдық округтің атауы. Саралжын елі бүкіл республика көлемінде «Үш жүзден» ән озырған Мұхит Мерәліұлының атымен танымал. Сонымен қатар бұл топырақта Санкт – Петербург университетінің заң факультетін алтын медальға бітірген алғашқы қазақ юрисі, Дума депутаты, ағартушы – демократ Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев; әскери маман, ең алғаш А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» повесін араб әрпімен қазақ тіліне аударушы Молданияз Бекимов, өз кезеңінің озық зиялысы. «Россия Империясының Құрметті азаматы» атағын алған Мұхамеджан – Ақшолық Сарғожаұлы, алғашқы дәрігер, Мәскеу медицина университетін бітірген Наурызалин Ислямғали, әдебиет теориясының негізін қалаушы ғалым – жазушы, ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Қажым Жұмалиев, 1868 жылғы Патша үкіметінің «Жаңа ережесіне» қарсылық білдіруші ерікті шаруалар жасаған ұйымдастырушы Сейіл Туркебаев, фольклоршы, ақын, драматург, ұстаз, Рахметжан Малабаевтар дүниеге келген. Сонымен бірге саражындықтар «ҚР еңбегі сіңген өнертапқыш» атағы бар, Орал механика зауытын 27 жыл басқарған Зекеш Сатаев; Қазақстан Ғылым Академиясының академигі, топырақтану саласының докторы, профессор Рақымжан Елешов филология ғылымдарының кандидаттары Кубаш Жолдасов, Мақсот Қайырғалиев, Отаралы Бүркітов сияқты жерлестерін мақтанышпен айтып жүреді.

**Саралжын ауылдық округі әкімшілігі** – Қаратөбе ауданындағы Саралжын округі әкімшілігі. ҚР – ның «Жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы» Заңының 48 бабына сәйкес Саралжын ауылдық әкімшілігі 8 қаңтар 1994 жылы құрылып, әкімі тағайындалған. Негізгі қызметі: Республика Заңдарын, Президенттің Жарлықтарын, Үкімет қаулыларының жергілікті жерлерде орындалын бақылау, өз территориясындағы тұратын халықтың әлеуметтік тұрмыстық жәйін қамтамасыз ету, референдум, сайлаулар өткізу. Орталығы – Қарақамыс ауылы. Жер көлемі 902,2 шаршы шақырым аумақты алып жатыр.

**Саралжын** – название озера Каратюбе и населенного пункта. Саралжын ассоциируется с полынным озером. Территория Саралжына граничит с Атырауской областью на юге, на западе-с бывшим Тайпакским районом. Название Саралжин дано сельсовету в этом регионе, сегодня это название сельского округа. Страна Саралжин славится именем Мухита Мералиулы,

который пел песню «Уш жузден» по всей стране. Кроме того, на этой земле родились первый казахский юрист, депутат Думы, просветитель – демократ Бахытжан Бисалиевич Каратаев, окончивший юридический факультет Санкт – Петербургского университета на золотую медаль; Военный мастер, первый переводчик А.С. Пушкина «Капитан капитан» на казахский язык – Молданияз Бекимов, ведущий интеллектуал своего времени. Также родились Мухамеджан – Акшолық Саргожаулы, первый врач, окончил Московский медицинский университет; Наурызалин Ислямгали, ученый – основоположник теории литературы, поэт, доктор филологических наук, профессор, академик Кажым Жумалиев, организатор-организатор Сейил Туркебаев, фольклорист, поэт, драматург, учитель, Рахметжан Малабаев. Кроме того, с гордостью выступали такие земляки, как Зекеш Сатаев, имеющий звание «Заслуженный изобретатель РК», 27 лет возглавлявший Уральский механический завод; Рахимжан Елешов, кандидат филологических наук, академик Академии Наук Казахстана, доктор почвоведения, профессор Кубаш Жолдасов, Максот Каиргалиев, Отаралы Буркитов.

**Акимат Саралжинского сельского округа** – акимат Саралжинского сельского округа Каратобинского района. В соответствии со статьей 48 Закона РК «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Саралжинская сельская администрация была образована в 1994 году и назначен акимом Саралжинского сельского округа. Основная деятельность: контроль за исполнением законов Республики, указов президента, постановлений правительства на местах, обеспечение социально-бытовых условий населения, проживающего на своей территории, проведение референдумов, выборов. Центр – село Каракамыс. Площадь земли составляет 902,2 квадратных километров.